



Мектенке дейінгі тәрбие мен оқытудағы үлгілік оку бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оку жылына арналған  
үйымдастырылған  
іс-арекеттің перспективалық жоспары  
Обалы ауылдының істігі орта мектебінің жаңындағы «Балапан» шагын орталығы  
Ересек топ (4 жае)

Тәрбиенті: Глеуова У.Б  
Бюканиева Л.К

**Білім беру үйімі:** Обалы ауылының негізгі орта мекетбінің жаңындағы «Балапан» ш.о

**Топ:** «Балдырған» ересек тобы

**Балалардың жасы:** 4 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 2022-2023 оку жылы қыркүйек айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	<b>Дене шынықтыру</b>	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. Онға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Екі қолды белге қойып, екі жаққа иілу. Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату. Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аяқты кезекпен алға өкшемен, содан кейін ұшымен қою, топылдату. Қатарынан (4–5 рет) жүрелеп, екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақ пен екі тұсқа көтеріп, отыру; аяқтың ұшын созу, табанды бұгу.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <p>жүру. Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен, басқа қимылдармен кезектестіру, қол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау;</p> <p>Музыкалық-ырғактық жаттығулар.</p> <p>Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындау.</p> <p><b>Спорттық ойын элементтері:</b></p> <p>1) кегель ойындарына үйрету. Бастанқы қалыпта дұрыс тұрып, допты лақтыру.</p>

	1,5-2 метр арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіру.
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету.</p> <p>Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдану.</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен, заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту.</p> <p>Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру</p> <p>байланыстырып сөйлеу;</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету; әдеби шығармаларда бейнеленген қоғамдық өмір, табигат, қоршаған орта оқиғалары, Қазақстан халқының өмірі мен тұрмысының ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Жиын:</b></p> <p>1) әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру;</p> <p>2) заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын</p>

	салыстыру салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету.
<b>Коршаған ортамен таныстыру</b>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі:</b></p> <p>1) баланың өзі және өзінің жағдайы туралы түсініктерін кеңейту. Өзін-өзі тануға ұмтылысын қолдау. Баланың туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету;</p> <p>2) балалардың отбасы мүшелері бейнеленген суреттерді қарастыру, отбасы мүшелерін, олардың әрекеттері мен өзара қарым-қатынастарын атау дағдыларын қалыптастыру.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p><b>Қағаздан құрастыру.</b></p> <p>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағазды тікбұрышты парагын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және қырларды біріктіру, детальдің негізгі түріне желімдеу. Қағаз парагын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p><b>Заттық сурет салу.</b></p> <p>Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту. Бояулармен, қарындаштармен, борлармен дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру.</p> <p>Әртүрлі бағыттағы тұра сызықтар мен олардың қиылышын жүргізе білуді үйрету.</p>
<b>Мұсіндеу</b>	<p><b>Заттық мұсіндеу.</b> Ермексаздың, сазбалышықтың, қамырдың кесектерінен мұсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу.</li> </ul>
<b>Жапсыру</b>	<p><b>Заттық жапсыру:</b></p> <p>1) қайшыны дұрыс ұсташа және пайдалана білуді қалыптастыру. Тұзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиуды үйрету.</p>
<b>Музыка</b>	<b>Музыка тындау.</b>

- |  |   |
|--|---|
|  | <p>1) әртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айтуда;<br/>    Он айтуда:<br/>        -әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенде дұрыс, нақты интонациялауда, сөздерді дәл айтуда дағдыларын қалыптастыруды;<br/>        Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br/>        -би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындауда дағдыларын қалыптастыруды;<br/>    Билер.     Ойындар, хороводтар.</p> |
|--|---|

**Білім беру ұйымы:** Обалы ауылының негізгі орта мекетбінің жаңындағы «Балапан» ш.о

**Топ:** «Балдырған» ересек тобы

**Балалардың жасы:** 4 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету)** 2022-2023 оқу жылы қазан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	<b>Дене шынықтыру</b>	<p><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <p>Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (онға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.</p> <p>Тепе-тендікті сақтау. Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқаның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөренениң бойымен жүру. Қимылды ойындар</p> <p>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.</p> <p>Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу.</p> <p>Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік және т.б.) дамыту.</p>
Казан	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.</p> <p>Сөйлеу қарқының өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді менгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен</p>

	құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.
<b>Көркем әдебиет</b>	Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталаپ айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпактарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырылышты танытуға баулу.
<b>Математика негіздері</b>	Сан, санау 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Заттық әлем. Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Еңбекке баулу. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. Өлі табигат құбылыстары мен заттары.

	<p>Табигат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жанбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран және т.б.) кеңейту.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>Құрылым материалдарынан құрастыру.</p> <p>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылым бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылым бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылымспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p>Қағаздан құрастыру.</p> <p>«Оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.</p>
<b>Мұсіндеу</b>	<p>Заттық мұсіндеу.</p> <p>Мұсінделген заттың, фигуralардың бетін тегістеуге үйрету.</p> <p>Бірнеше бөліктерден заттарды мұсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Заттық жапсыру:</p> <p>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бұктеу арқылы сопақша</p>

	<p>пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану.</p>
<b>Музыка</b>	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музықадан алған әсерлері туралы әңгімелеген, музикалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам).</p> <p>Ән айту.</p> <p>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).</p> <p>Билер.</p> <p>Женіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау.</p>

**Білім беру үйымы:** Обалы ауылының негізгі орта мекетбінің жаңындағы «Балапан» ш.о

**Топ:** «Балдырган» ортаңғы тобы

**Балалардың жасы:** 3жас

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2022-2023 оку жылы қараша айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қараша	<b>Дене шынықтыру</b>  <b>Негізгі қимылдар:</b> Жүгіру. Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындаі отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру; орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру; Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Қимылды ойындар Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен және т.б. ойындарда балалардың белсененділігін дамыту.	
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажыратада білуге және атауға үйрету. Сөздік қор. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаган ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.	

<b>Көркем әдебиет</b>	Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айтуда, кейіпкерлердің мінезін беру.
<b>Математика негіздері</b>	<p>Сан, санау</p> <p>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алғып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.</p> <p>5 көлемінде тұра және кері санауға жаттықтыру.</p>
<b>Коршаған ортамен таныстыру</b>	<p>Заттық әлем.</p> <p>Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажыратып білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы және тағы басқа) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу.</p> <p>Еңбекке баулу.</p> <p>Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлыштарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар, пышақтар) ретімен қою.</p> <p>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.</p> <p>Бақылау күнтізбесінде аяу райын белгілеу (сүйк, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауғанын, жел соғуы), соған сәйкес киіну.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>Құрылым материалдарынан құрастыру</p> <p>Құрылым бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына</p>

	<p>қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сактау.</p> <p>Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыш жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылышты талдау.</p>
<b>Сурет салу</b>	Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.
<b>Мұсіндеу</b>	Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мұсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мұсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.
<b>Жапсыру</b>	Тар жолақтарды көлденеңін қиуды, шаршының бұрыштарын қиуды үйрету. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, گүлдер және т.б. пішінін қиу және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысадардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру.
<b>Музыка</b>	<p>Музыка тындау.</p> <p>Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыннату.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алушы дамыту. Әуенде таза және сөздерді анық айтуда, музыканың сипаттын жеткізе білуғе үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуда баулу.</p>

**Білім беру үйымы:** Обалы ауылының негізгі орта мекетбінің жаңындағы «Балапан» ш.о

**Топ:** «Балдырган» ересек тобы

**Балалардың жасы:** 4 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 2022-2023 оку жылы желтоқсан айы

<b>Айы</b>	<b>Үйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>желтоқсан</b>	<b>Дене шынықтыру</b>  <b>Негізгі қимылдар:</b> Еңбектеу, өрмелуе. 10 м-ге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тұра бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу. Табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу. Құрсаудан еңбектеп өту. Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелуе, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту; Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Салауатты өмір салтын қалыптастыру Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтүге болатыны туралы түсінік беру. Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.	
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<b>Сөздік қор.</b> Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.

<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге өртегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.</p> <p>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, өртегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p>Шама</p> <p>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.</p> <p>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстінен және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру.</p>
<b>Қоршаган ортамен таныстыру</b>	<p>Заттық әлем.</p> <p>Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажыратада білу, оның түрлері және қолданылуы машиналардың жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы және тағы басқа) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу.</p> <p>Еңбекке баулу.</p> <p>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гулдерді суару, қыстайтын құстарды қоректендіру және т.б.</p> <p>Менің Отаным – Қазақстан</p> <p>Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (Ту, Елтанба, Әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру</p> <p>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-түрман, киіз үйдің</p>

	жабдықтары, әшекей бүйымдары және т.б.), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.
<b>Сурет салу</b>	Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстаяға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.
<b>Мүсіндеу</b>	Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бүйымды безендіруге ынталандыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.
<b>Жапсыру</b>	Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.
<b>Музыка</b>	Музыкалық-ырғақты қимылдар Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру. Билер Әуенниң көнілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау.

**Білім беру үйымы: Обалы ауылының негізгі орта мекетбінің жанындағы «Балапан» ш.о**

**Топ:** «Балдырган» ересек тобы

**Балалардың жасы:** 4 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 2023 оку жылы қантар айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қантар	<b>Дене шынықтыру</b> Негізгі қимылдар: Секіру. Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, онға, солға бұрылып секіру. Аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (он және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіру, 20–25 см биіктікten секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 см), қыска секіргішпен секіру; Спорттық жаттығулар Шанамен сырғанау. Төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу, мұзды жолдармен өзбетінше сырғанау. Салауатты өмір салтын қалыптастыру «Денсаулық-зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзага әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, сұық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.	
	<b>Сөйлеуді дамыту</b> Сөздік қор. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиňаз) байланыстыру.	

<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.</p> <p>Сахналық қойылымдарға қатысуға үйрету.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p>Шама</p> <p>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру.</p>
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<p>Еңбекке баулу.</p> <p>Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу.</p> <p>Жолда жүру ережелері</p> <p>Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдарымен өту), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, «Жаяу жүргінші өткелі», «Қоғамдық көлік аялдамасы» жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру</p> <p>Табиғи (мақта, жұн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырыштар және т.б.) заттардан құрастыру.</p> <p>Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру.</p>

<b>Сурет салу</b>	Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоныр, қызығылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.
<b>Мұсіндеу</b>	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мұсіндеуге баулу. Дайын мұсінді дәңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мұсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.
<b>Жапсыру</b>	Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен және т.б. таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.
<b>Музыка</b>	Музыкалық-ырғақты қимылдар Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. Билер Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау.

**Білім беру үйымы: Обалы ауылының негізгі орта мекетбінің жанындағы «Балапан» ш.о**

**Топ:** «Балдырган» ересек тобы

**Балалардың жасы:** 4 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2023 оку жылы ақпан айы**

<b>Айы</b>	<b>Үйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Ақпан</b>	<b>Дене шынықтыру</b>  Лақтыру, домалату, қағып алу. Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. Заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 м кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан), 1,5 м қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) нысанаға лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 м қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 м қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет);  Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша тұзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстau және жақын тұру.  Спорттық жаттығулар  Шаңғымен жүру. Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру. Ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.  Салауатты өмір салтын қалыптастыру  Дене белсенділігі (таңертенгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен үйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу.	
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Сөздік қор.  Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиňаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және

	мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байту.
<b>Көркем әдебиет</b>	Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.
<b>Математика негіздері</b>	Геометриялық фигуралар Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалындығы бойынша тең).

<b>Коршаған ортамен таныстыру</b>	<p>Еңбекке баулу.</p> <p>Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауга тәрбиелеу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауга тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p> <p>Жолда журу ережелері</p> <p>Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту.</p> <p>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездесең жағдайларда (адасып қалу, құлау және т.б.) өзін дұрыс ұстауға үйрету.</p> <p>Мениң Отаным – Қазақстан</p> <p>Қазақстан Республикасының астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру</p> <p>Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңdap, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.</p> <p>Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.</p> <p>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашиқ түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту.</p>
<b>Мұсіндеу</b>	<p>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мұсіндеуге қызығушылығын</p>

	<p>арттыру. Мұсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.</p> <p>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сактауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.</p>
<b>Музыка</b>	<p>Музыкалық-ырғақты қимылдар</p> <p>Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.</p> <p>Билер</p> <p>Билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану, музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шенбер бойымен ән айттып жүзу, қимылдарды өзгерту, шапшандық пен ептілік таныту.</p>

**Топ:** «Балдырган» ересек тобы

**Балалардың жасы:** 4 жас

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	<b>Дене шынықтыру</b>  <b>Кеудеге арналған жаттығулар</b> Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың үшіна жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. <b>Аяқта арналған жаттығулар</b> Аяқтың үшіна көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың үшін қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бұгы, алға созу, қайтадан бұгы және түсіру. Аяқтың үшін созу, өкшені айналдыру. <b>Дербес қимыл белсененділігі.</b> Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту.	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>  Тілдің грамматикалық құрылымы Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір және т.б.).	
	<b>Көркем әдебиет</b>  Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда	

	<p>сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша құрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге өртегі мен әңгіменің басын, сонын ойдан құрастыруға баулу.</p> <p>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, өртегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p>Кеңістікті бағдарлау</p> <p>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, онға-солға, жоғары-төмен), заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу.</p>
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<p>Өсімдіктер әлемі</p> <p>Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сұрту) туралы түсінікті дамыту.</p> <p>Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау.</p> <p>Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орманбақша), гүлдер (бөлме, бақша және шабындық), бұталар және ағаштар (бақша және орман).</p> <p>Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру</p> <p>Табиғи (мақта, жұн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырығыштар және т.б.) заттардан құрастыру.</p> <p>Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды</p>

	<p>дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдау, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.</p> <p>Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау.</p>
<b>Сурет салу</b>	Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін көнектейту.
<b>Мұсіндеу</b>	<p>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мұсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мұсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.</p> <p>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиоға немесе өзбетінше ойдан қып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту.</p> <p>Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.</p>
<b>Музыка</b>	<p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау</p> <p>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.</p> <p>Билер</p> <p>Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.</p>

	Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстырыу. «Қамажай» биін үйрету.
--	--

**Білім беру үйымы: Обалы ауылының негізгі орта мекетбінің жанындағы «Балапан» ш.о**

**Топ:** «Балдырган» ересек тобы

**Балалардың жасы:** 4 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2023 оку жылы сәуір айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
сәуір	<b>Дене шынықтыру</b>	<p>Кеудеге арналған жаттығулар Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бұту және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бұту және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру.</p> <p>Аяққа арналған жаттығулар Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның ұстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өзбетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сұрту.</p>
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p>Байланыстырып сөйлеу Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p> <p>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өзбетінше зерттеп, сипаттауға, түрлі балалар</p>

	<p>әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуда, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.</p> <p>Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.</p> <p>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p>Уақытты бағдарлау</p> <p>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын көңейту.</p>

<b>Коршаған ортамен таныстыру</b>	<p><b>Жануарлар әлемі</b></p> <p>Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, коректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын көңейту.</p> <p>Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.</p> <p>Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектер, қоңыздар, кейбір құстардың болмауы, қыста-құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюінсалыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p><b>Қағаздан құрастыру</b></p> <p>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парагын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке және т.б. айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.</p> <p>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін көңейту.</p>

<b>Мұсіндеу</b>	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мұсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мұсіндеу. Мұсінделген заттың, фигуralардың бетін тегістеуге үйрету.
<b>Жапсыру</b>	Тар жолақтарды көлдененін қиоды, шаршының бұрыштарын қиоды үйрету. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, گүлдер және т.б. пішінін қио және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.
<b>Музыка</b>	Музыкалық-ырғақты қимылдар Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру. Билер Әуенниң көнілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.

**Білім беру үйымы: Обалы ауылының негізгі орта мекетбінің жанындағы «Балапан» ш.о**

**Топ:** «Балдыраған» ересек тобы

**Балалардың жасы:** 4 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2023 оқу жылы мамыр айы**

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
мамыр	<b>Дене шынықтыру</b>	<p>Спорттық жаттыгулар Велосипед тебу. Екі және үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу. Жүзу. Суға тұсу, суда ойнау; суда отырып, аяқтарын жоғары және төмен көтеріп қимылдар орындау; иекке дейін суда отыру, судан шығу; бетін суға малу; еркін әдіспен жүзуге талпыну. Сауықтыру-шынықтыру шаралары Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сұртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның ұстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттыгуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. Өткенді қайталау.</p>
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p>Байланыстырып сөйлеу Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өзбетінше зерттеп, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. Өткенді қайталау.</p>

<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.</p>
<b>Математика негздері</b>	<p>Геометриялық фигуралар Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). Кеңістікті бағдарлау Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, онға-солға, жоғары-төмен), заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу. Уақытты бағдарлау Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын көңейту. Өткенді қайталау.</p>

<b>Коршаған ортамен таныстыру</b>	<p>Менің Отаным – Қазақстан      Мемлекеттік рәміздерге (Ту, Елтаңба, Әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын көңейту. Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу.</p> <p>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары      Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран және т.б.) көңейту.</p> <p>Бақылау күнтізбесінде аяқ райын белгілеу (сүйк, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауғанын, жел соғуы), соған сәйкес киіну. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің сүйектігінан жердегі қар мұзға айналды және т.б.), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау.</p> <p>Аяқ райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстаниң түрлі аймақтарында аяқ райының түрліше болуы туралы түсінік беру.</p> <p>Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа), қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын көңейту.</p> <p>Табиғаттағы қарапайым тәртіп ережелерін сақтау.      Өткенде қайталау.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру      Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары және т.б.), тұрмыстық заттарымен (кубі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жұн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырыштар және т.б.) заттардан құрастыру.</p> <p>Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдал, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.</p> <p>Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау.      Өткенде қайталау.</p>

<b>Сурет салу</b>	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. Өткенді қайталау.
<b>Мұсіндеу</b>	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мұсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мұсіндеу. Мұсінделген заттың, фигуralардың бетін тегістеуге үйрету. Өткенді қайталау.
<b>Жапсыру</b>	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Тұзу сзық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолактарды қиоды үйрету. Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиода қолдану. Өткенді қайталау.
<b>Музыка</b>	Ән айту Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қымылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс аруды дамыту. Әуенді таза сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу. Билер Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету. Өткенді қайталау.

